

Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 161 "2022-2024 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 24 маусымдағы № 266 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 161 "2022-2024 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 50180,8 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2692,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 149,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 47339,8 мың теңге;

2) шығындар – 51464,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатып алудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1283,3 теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1283,3 теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1283,3 теңге.";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының "2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын:

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 60 000 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге;

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 180 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 37 389 теңге.";

5-1 тармақта:

үшінші абзацында:

"5186,8" сандары "7186,8" сандарымен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1- қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық
мәслихатының 2022 жылғы 22
маусымдағы № 266 шешіміне
қосымша

Шалқар аудандық
мәслихатының 2021 жылғы 27
желтоқсандағы № 161 шешіміне
1 қосымша

2022 жылға арналған Кішіқұм ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	50180,8
1			Салықтық түсімдер	2692,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2512,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	74,0
		3	Жер салығы	8,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2430,0

	05		Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	180,0
		3	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	180,0
2			Салықтық емес түсімдер	149,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	149,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	149,0
4			Трансферттердің түсімдері	47339,8
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	47339,8
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	47339,8
II. Шығындар				51464,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	40153,0
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	40153,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	40153,0
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	40153,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11311,0
	3		Елді-мекендерді көркейту	11311,0

		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11311,0
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	656,0
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	321,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	10334,0
15				Трансферттер	0,1
	1			Трансферттер	0,1
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,1
			048	Пайдаланылмаға н (толық пайдаланылмаға н) нысаналы трансферттерді қайтару	0,1
				III. Бюджет тапшылығы (-1283,3 профицит)	
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (1283,3 профицитті пайдалану)	
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1283,3
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	1283,3
			1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1283,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК